


Ерте темір дәуіріндегі тайпалық одақтар мен көне мемлекеттік құрылымдар.



- *Сақтар
- *Сармат
- *Үйсін
- *Қаңлы
- *Ғұн

Сақ тайпалық одақтары. Сарматтар.

- Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдың 40-жылдар аяғында грек тарихшысы Геродоттың «Тарих» деп аталатын еңбегінде және басқа қол жазбаларда біздің заманымыздан бұрынғы I мың жылдың орта шенінде Орта Азия мен Қазақстан жерінде сақ деп аталатын бірнеше тайпалардың қуатты жауынгер одақтары болғаны айтылады. Ол одақтар:

▪ массагеттер
▪ каспийшілер
▪ есседондар
▪ алаңдар
▪ сарматтар

Сақ тайпалары

сақ-хаумаварга
(хаома сусынын
дайындайтын
сақтар)

сақ-тиграхауда
(төбесі шошақ
бас киімдері
бар сақтар)

сақ-парадарайа
(теңіздің арғы
бетіндегі сақтар)



Сақ тайпаларының орналасуы



Саяси тарихы:

- б.з.б VII-VI ғ сақ әулетінің іргесін қалаушы - «Алып Ер Тұлға» (Афрасиаб)
- б.з.б VI ғ сақ – массагет одағы Томирис патшайымы және оның ұлы Спаргаписестің парсы патшасы Кирмен соғысы (б.з.б 529 жыл)
- б.з.б 519-518 ж. I Дарийнің тиграухада сақтарымен соғысы (сақ көсемі Скунха мен малшы Ширақ ерліктері)
- б.з.б IV ғ Александр Македонский (Ескендір Зұлқарынайын) сақтармен шайқас (б.з.б 330-327 ж.) сақ көсемі Спитамен
- Сақтар грек әскерімен қосылып Египетте, Грецияда соғысты
- Фирмопиль (б.з.б 480 ж.) және Платея шайқастарында ерлік көрсетті
- Марафон шайқасы (б.з.б 490 ж.)
- б.з.б II ғасырдың соңғы кезінде Понтия патшасы Митридаттың қолбасшысы Диафантпен болған соғыста сарматтық росоландар скифтерге қосылады

Сақ патшайымы - Томирис



- **Томирис** (Тұмар) (ж.ж.с. д. 570-520) — массагет халқының байырғы заманда ел билеген атақты әйелдерінің бірі.

Томирис

- Тұмар (Томирис) (ж.ж.с.д. 570-520) — массагет халқының байырғы заманда ел билеген атақты әйелдерінің бірі.
- Ахемен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсылар Ахемен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсылардың Құрыш патша Ахемен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсылардың Құрыш патшасы Орта Азияға басқыншылық жорықпен келген, «жеңілуді білмейтін» деп дәріптелген «өлместер» әскерін ашық шайқаста тас талқанын шығарып жеңуімен тікелей байланысты.
- Мемлекетінің аумағын кеңейте беруді ойлаған Құрыш Мемлекетінің аумағын кеңейте беруді ойлаған Құрыш батыс елдеріне аттанбас бұрын әуелі шығыс жағын қауіпсіздендіру мақсатымен массагеттерді бағындырып алуды көздейді. Сөйтіп түркі көшпенділер еліне елші аттандырып, олардың ханшасы, сол кезде күйеуі өліп жесір отырған Тұмардың өзіне тұрмысқа шығуын сұрайды.
- Бұл Құрыш Бұл Құрыштың массагеттер Бұл Құрыштың массагеттермен соғысуға желеу іздеуі еді. Тұмар Құрыш патша Бұл Құрыштың массагеттермен соғысуға желеу іздеуі еді. Тұмар Құрыш патшаның ұсынысын қабылдамай тастайды. Осыны желеу еткен Құрыш Бұл Құрыштың массагеттермен соғысуға желеу іздеуі еді. Тұмар Құрыш патшаның ұсынысын қабылдамай тастайды. Осыны желеу еткен Құрыш жауынгерлерін шығысқа қарай қаптатады. Аракс дариясына жетіп,

- Мадилардың патшасы! Ниетіңнен қайт. Салып жатқан көпірлеріңнің игілігін көрер көрмесіңді өзің де білмейсің. Өнбес істі қума. Өз патшалығыңа бар да, өз билігіңді жүргізе бер, бізді күндеме. Ал егер алда-жалда соғыспай қоймаймын десең, онда көпір салып, уақыт өткізіп, әуре болма. Дарияның біз жақ бетіне шығып соғысамын десең, біз үш күншілік жерге кетіп, жол ашайық, ал дарияның өз жағыңда соғысамын десең, сен үш күншілік жерге шегін. Қалауыңа қарай өзің шеш.

- Тұмардың ұсынысын Құрыш патша Тұмардың ұсынысын Құрыш патша әскери кеңеске салады. Біраз пікір таласынан соң, Лидия Тұмардың ұсынысын Құрыш патша әскери кеңеске салады. Біраз пікір таласынан соң, Лидияның бұрынғы патшасы, сол кезде Құрыштың қолындағы мырза тұтқын Крездің ақылымен дарияның массагеттер жағында соғысуды ұйғарып, шешімдерін Тұмарға хабарлайды.
- Массагеттер уәделерінде тұрып, үш күншілік жерге шегініп кетеді. Олардың кеткеніне анық көз жеткізгеннен кейін Құрыш бүкіл әскерін дарияның арғы бетіне өткізіп, Крездің үйреткен айласымен массагеттердың шабылдаушы тобын алдап қолға түсіріп, түгел қырғынға ұшыратады. Осы шабуылшы топтың басшысы, Тұмардың ұлы Спаргапты (Спаргапис) тұтқынға алады.
- Сүйікті ұлы мен шеп бұзар жауынгерлерінің қайғылы хабарын алған Тұмар Құрышқа жаушы жіберіп, оған өзінің соңғы сөзін жеткізеді.
- Қанқұмар Құрыш! Жеңіске желікпе. Сен менің ұлымды ашық айқаста қару құдіретімен жеңген жоқсың. Шарап ішкізіп, алдап барып, пенде еттің. Енді менің мына ақылымды ал. Айла амалмен біраз жауынгерімді опат еткеніңді қанағат тұтып, менің ұлымды өзіме қайтарып бер де, есен-сауыңда жөніңді тап. Егер өйтпесең, Тәңірі атымен ант етіп айтайын, қанға қаншама тойымсыз болсаң да, адам қанын сусының қанғанша ішкізермін!
- Құрыш өзінің шайқасатынын айтып, Тұмардың жаушысын кері қайтарады.
- Тұтқынға түскен Тұмардың ұлы өзінің қандай күйге ұшырағанын мастығы айығып, есі кірген кезде ғана бір-ақ біледі. Құрыштан аяқ қолын босатуын өтінеді. Қолдан бұғау, аяқтан кісен алынысымен, ол қасында тұрған парсы жауынгерінің қаруын жұлып алып, өзін өзі өлтіреді.



Сақ тайпалары көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы

- Сақ тайпалары көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен байланысты. Оның себебі, біріншіден, бұл тұста климат жағдайы өзгеріп, құрғақшылық болып, күн ысып, өзен, көл сулары тартылып, шөп шықпайтын шөлейт жерлер пайда бола бастаған еді. Екіншіден, бұл жерлер бұрынғы теңіздің табаны болғандықтан оның біраз бөлігі құнарсыз, сусыз, сортаң болып келді. Мұндай жерлерге өсімдік, шөп шықпайды, егін егуге де болмайды. Сондықтан бұл жердегі адамдар мал өсірумен шұғылданып, оны өзінің тұрақты кәсібіне айналдырды. Малдың жайылымына қарай олар көшіп қонып жүрді.
- Сақтардың мал шаруашылығын негізгі бағыты қой шаруашылығы еді. Оның еті мен сүті ғана емес, сонымен бірге киіз басу, арқан есу үшін жүні де іске асты. Сақтардың тұрмысында жылқы да үлкен рөл атқарады. Өйткені ол мінсе көлік, жесе тамақ, ім-шсе сүті сусын қымыз


Сақ өндірісі

- Б.з.б. I мың жылдықтың орта шенінде, яғни сақ заманында өндірістің мамандырылған түрлері болды. Бұлар руданы өндіру және өңдеу, темір ұсталығы, темірді құю және зергерлік істер еді. Сақтар темірден үзеңгі, ауыздық жасауды үйреніп, соғыс құралдарын, қару-жарақтарды, жебенің ұштарын, қысқа семсерлер-ақинақ, қанжар, ұзын семсерлер, найза, түрлі балталар жасады. Металл өңдеумен бірге қолөнердің тұрмыстық ыдыс-аяқ жасау, тас қашау, сүйек ою, тері илеу, жіп иіру және тоқымашылықтың түрлері де болды. Темірден пышақ, металдан ыдыс, балта, темір ілгектер, шоттар, қашаулар т.б. заттар жасалынды.

Сармат


- Сарматтар деген халықтың аты б.з.б. III ғасырдан бері белгілі. Сол кез- дері сарматтардың скифтері жаулап алуы басталады. Олар Скифияның едәуір бөлігін басып алып, жеңілгендердің бірінде қалдырмай қырып-жойған. Сөйтіп елдің басым бөлігін шөлге айналдырған. Сарматтардың бір тайпасы-роксолондар б.з. I ғасырында Мидияның шекарасына жетіп, Риммен соғысқан. Олардың ізімен алаңдар жүріп отырған.
- Сарматтар өздері басып алған жерлер халықтарының саяси өміріне белсене қатысқан: Мысалы, б.з. дейінгі II ғасырдың соңғы кезінде Понтия патшасы Митридаттың қолбасшысы Диафантпен болған соғыста сарматтық росоландар скифтерге қосылады. Б.з. дейінгі I ғасырда Митридат Римге қарсы күрескенде сарматтар оның жағында болған. Б.з. дейінгі 49-жылы римдіктер мен сарматтар тайпасы бірлесіп, Боспор патшасының одақтастары сирактарды (сарматтардың басқа тайпасы) жеңеді. Басқа тайпаларға қарағанда жорыққа кешірек шыққан алаңдар Қара теңіздің солтүстік өңіріне дейін жетеді. Кейінірек олар ғұндарға қосылып, Испаниядан барып шығады. Жалпы атауы сарматтар деп аталатын, қандас-туыс бұл тайпалар одағы Оралдың оңтүстік өңірінен шыққан болатын.
- Б.з.б. IV ғасырдың бас кезінде сарматтар Доннан Ембіге дейінгі жерлер- ді алып жатқан. Осынау уақытта бұл жерде мәдениеттің екі басты бағыты құрылып қалыптасты, олар: Батыс Болғар-Дон мәдениеті мен Шығыс Орал мәдениеті.
- Сармат тайпалары (Прохоров мәдениеті) өлген кісілерін әдетте топырақ үйінділерінің астына қойған. Олар қабірдің үстін немесе айналасын балшықпен сылап не таптап, кейде тіпті тегістеп күйдіріп алаңқай жасап қоятын болған. Сол сияқты олар қабірдің ішін ағашпен, кесінділермен не қабықпен көмкереді екен.

Сармат тайпалар одағы:






Сармат дәуірінің кезеңдері:



Үйсін

- **Территориясы:** Шу мен Талас – Қаратау – Тянь-Шань – Балқаш – Ыстықкөл
- **Астанасы:** Чигучен (Қызыл аңғар)
- **Билеуші:** Гуньмо (Күнби)
- **Тайпа көсемдері:** Бектер




Үйсіндер туралы мәлімет

- Үйсіндер туралы алғашқы деректер б.з.б. 2-ғасырдың аяқ шенінде белгілі бола бастайды. Қытайдың Хань Император сарайы ғұндарға қарсы күресте одақтас іздеп, “Батыс өлкесіне” б.з.б. 138 ж. Чжан Цянь бастаған елшілік жібергенде ол Жетісуда болып, үйсіндер жөніндегі алғашқы хабарды әкеледі. Чжан Цяньнің хабарына қарағанда, үйсіндердің жалпы саны 630 мың адам, 188 мың жауынгер жасақтарының болғанын айтады.
- Б.з.б. 73-жылға дейін үйсіндердің жері үш бөлікке: сол (шығыс) бөлікке, оң (батыс) бөлікке және ғұньмоның өзіне қарайтын орталық бөлікке бөлінген, бірақ олардың бәрі де ғұньмоға тәуелді болды. Үйсіндер көршілес халықтармен тығыз қарым-қатынас жасаған. Хань империясы және ғұн тайпалары үйсіндермен одақ болып, Хань мен ғұн әміршілерінің қыздарын үйсін ғұньмоларына әйелдікке беріп отырды.
- Үйсіндер негізінен мал шаруашылығымен шұғылданған, олар егіншілік кәсіпті де білген. Көбінесе жылқыны қастерлеген. Олар қой, ірі қара, түйе өсірген, тары еккен, құлан, сайғақ, бұғы ауланған. Үйсіндер жүн тоқып, тері илеп, киім қылып киген.

Қаңлы

- **Территориясы:** Қаратау жотасы – Сырдария орта ағысы
- **Астанасы:** Битянь (Түркістан қаласының маңы)
- **Билеуші:** Хан
- **Тайпа көсемдері:** Уәзірлер



Қаңлы туралы мәлімет

- Біздің заманымыздан бұрынғы 2-ғасырда “Кангют” деген атпен қытайға белгілі қаңлы түрік тұқымдас тайпалар да болған. Сырдария және Талас өзенінің бойында мекендеген қаңлылардың астанасы Битянь деген қала. Жаңа заман шегінде Кангюй князьдігіндегі 600 мың адамның 120 мыңы соғысқа шығатын жауынгерлер екен. Қаңлылар үйсіндер тарапынан қысым көріп, ғұндардан жәрдем сұрап, көмек алып отырған.
- Қаңлы тайпасының қандай кәсіппен шұғылданғаны жөнінде мағлұмат аз. Бірақ оларда мал шаруашылығы кеңінен дамыған, егіншілік кәсібімен айналысқан, қолөнер ісінде олар алтын, күміс және бұйым жасауды білген. Үйсіндер мен қаңлылар Алтай, Орта Азия және Сібір халықтарымен саяси және экономикалық байланыс жасап тұрған. Үйсіндер мен қаңлылардың арасында табиғатқа табыну, ата-бабаның аруағын құрметтеу сияқты діни таным көп тараған. Олар табиғаттан тыс құдіретті күш бар деп сеніп, құрбан шалған. Сонымен қатар олар күнге, айға, жұлдызға табынған.

Халқы:
1,5
МИЛЛИОН

ҒҰН

Әскер
басы:
Түменбасы
Негізгі
әскері:
Атты әскер


Билеушіс
і:
Шаньюй

Ғұн туралы мәлімет

- Б.з.б. Імың жылдықтың екінші жартысынан бастап Еуразияның этникалық-саяси тарихында Орталық Азияның көшпелі тайпаларының рөлі күшейе түсті. Осы өңірде, Байқалдан Оңтүстікке таман және Ордосқа дейін созылып жатқан далалық және шөлейт аудандарда қарабайыр мал шаруашылығымен шұғылданған, этникалық жағынан әр түрлі тайпалар көшіп жүрді. Солардың басты тобы б.з.б. IV-III ғасырларда Солтүстік Қытайдың шекарасына дейінгі жерді мекендеген тайпалық екі одақ Сюнну және Дунху бірлестіктері еді.
- Сюннулар (хунну немесе ғұндар деп аталады), әсіресе б.з.б. III ғасырда мейілінше күшейді. Тайпалардың бұл тобының аты қайдан шыққаны белгісіз. “Ғұн” деген атаудың өзі кейінірек сюнну (хунну) деген аттан шыққан деп болжанды.
- Ғұндардың этникалық тегі туралы мәселе анықталып болған жоқ. Зерттеушілердің көпшілігі оларды түріктердің арғы аталары деп болжайды. Ғұн тайпаларының бір одаққа бірігуіне негізгі себеп қытайлықтардың бұларға қарсы төрт ғасырға созылған кескілескен соғысы деу керек. Хань империясы кезінде қытайлықтар ғұндарды талай рет басып алмақшы болады, бірақ ғұндар іргелес тайпалармен бірігіп, қытайлықтардың шабуылдарына батыл тойтарыс беріп отырады. Ғұн тайпаларының бірігіп топтасуы б.з.б. 209 жылы “ғұн үйінің өрлеуі” кезінде іске асты. Оларды бір одаққа біріктіру әйгілі Мөде (Боғда) батырдың есімімен байланысты. Оның туған жылы б.з.б. 230, өлген кезі б.з.б. 174 жыл.

- Мөде ғұндарды күшті державаға айналдыру үшін бірсыпыра реформа-лар жүргізді. Мөденің басшылығымен ғұндар Саян-Алтай тайпаларына және Үйсіндерге шабуыл жасап оны бағындырды. Б.з.б. 200-жылдары ғұндар қаратып алды, Қытай Хань әулетінің негізін қалушы Лю Баньмен соғысып оны жеңді. Б.з.б. 188 жылы Мөде мен Қытайдың Хань императры "тыныштық және туыстық" жайлы шартқа қол қойды. Мөде қытай ханшасын өзіне әйелдікке алды, ал Хань империясы ғұндарға жыл сайын салық төлеп тұруға тиісті болды. Соқ-ғыстың нәтижесінде Забайкальеден Тибетке және Шығыс Түркістанның Хуанхэ өзенінің орта бойына дейін созылып жатқан жердің бәрі ғұндардың қол астына көшті. "Ғұн державасы" орасан зор үлкен болғанымен оның осал ұрымтал жері де бартын. Мұның өзі олардың арасындағы берік бірліктің болмауымен байланысты еді. Осыдан келіп б.з.б. 59 жылы ғұндардың өз арасында соғыс басталды.
- Б.з.б. 47 жылы ғұндар державасы оңтүстік және солтүстік ғұндар болып екіге бөлінді. Оңтүстіктегі ғұндар Қытайдың Хань империясына бағынды. Ал Чжи-Чжи шаньюй бастаған солтүстіктегі ғұндар өздерінің тәуелсіздігін сақтап, Солтүстік Моңғолияға және Шығыс Түркістанның Солтүстік аймақтарында көшіп-қонып жүрді. Бұлардың бір бөлігі Тянь-Шаньнан өтіп, Қаңлы тайпаларымен шарттасып, олардың шығыс жағына қоныстанды.
- Мұның өзі ғұндардың Қазақстан мен Орта Азия жеріне тұңғыш рет жаппай өтуі еді. Екінші бір толқыны біздің заманымыздың I ғасырында басталды. 93 жылы Хань империясының әскерлері ғұндардың күштерін ығыстырып, олардың солтүстіктегі тайпаларының бірін өздеріне бағындырып, енді біреулерімен одақ жасасып, үшіншілерін батысқа қарай ығыстырды. Олар Тарбағатайға дейін келіп Оңтүстік-Шығыс Балқаш өңірін жайлаған Юебань тайпалары пайда болды. Бұлар Орталық Қазақстан және Сырдариядан солтүстікке қарай созылған жерлерді алып жатты. Арал теңізі мен Каспий маңына шығып, алаңдар мен ассаларға шабуыл жасап, оларды батысқа қарай ығыстырды. Сөйтіп, ғұндардың Қазақстаннан Шығыс және Орталық Еуропа жеріне жеткенше үш ғасырдан астам уақыт өтті.
- Ғұндар Рим империясына үлкен қауіп туғызды. V ғасырдың 30-жылдары ғұндардың басшысы Аттила (Әділ) Румыния және Венгрия елдеріндегі ғұндарды өзінің қол астына жинап, Рим империясының аудандары Паннония мен Мезияны басып алған соң Франция жеріне өтеді. Жаулап алған жерлердегі халықтарды қырып-жойып, қалаларды бүлдіріп, селоларды өртеп, бүкіл Еуропа елдерінің үрейін ұшырады. Н.А. Машкин «Ертедегі Римнің трихы» деген кітабында, 375-376 жылдары вестготтардың Қазақстан даласынан келген ғұндармен біріккен күрестері ежелгі Рим империясының құлауына әкеп соқты деген қорытынды жасайды.
- Ғұндардың басты шаруашылығы мал өсіру, соның ішінде жылқы және қой бағу. Оларда сонымен қатар отырықшылық пен егін шаруашылығы да болған, қолөнері де дамыған. Тұрмыста қажетті бұйымдарды металдан, тастан, ағаштан, сүйектен, мүйізден, балшықтан джасаған. Керамика ісі өркендеген. Олар Қытай және т.б. елдермен сауда жүргізген. Ғұндар 24 руға бөлінген. Ел басында ақсақалдар кеңесі және халық жиналысы тұрған. Жылына үш рет олардың жиналыс-кеңесі өткізілген.

Ежелгі Қазақстан территориясындағы мемлекеттер.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы. Очерктер. 30-56-бб.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).
Бес томдық. I-том. Алматы, 1996. 2-бөлім, 1-3-
тараулар.
3. Рысбайұлы К. Қазақстан Республикасының
тарихы, 2-бөлім
4. Акишев К. Күрган Иссык. М., 1978.
5. Бичурин Н.Я. Средняя Азия и Восточный
Түркестан А., 1997.
6. Гумилев Л.Н. Хұндар. А., 1998.

Презентация:

- Орындаған: Бөрібаев Дәурен
- Слайд: 24 бет.